

ОӘК: 37.015

**Елеупаева Жанар Каукарбековна**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

e-mail:[sandorik84bk@mail.ru](mailto:sandorik84bk@mail.ru)

**Зарифова Мадина Абдрахмановна**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

e-mail:[sandorik84bk@mail.ru](mailto:sandorik84bk@mail.ru)

**Оспанова Бибигуль Канатовна**

Магистр, аға оқытушы Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

e-mail:[sandorik84bk@mail.ru](mailto:sandorik84bk@mail.ru)

**БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ПСИХИКАЛЫҚ  
ДАМУЫНДА ТЕЖЕЛУІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ**

Мақалада авторлар қауымы бастауыш мектеп жасындағы психикалық дамуында тежелуі бар балалардың сипаттамасын жан-жақты әртүрлі әдебиеттерден қарастырған. Инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үдерісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзету педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының артуы, ҚР-дағы арнайы білім берудің ұлттық жүйесі құрылымдарының ерекшеліктері, арнайы білім берудегі дәстүрлі ұйымдармен (жеке-естімейтін және нашар еститін балаларға арналған; көзі көрмейтін және нашар көретін; ойлау қабілетінде ауытқуы бар (ақыл-ойы жетілмеген) және ойлау қабілеті жетілмеген балаларға (психикалық дамуы тежелген балалар) арналған және т.б.) қатар қалыпты дамып келе жатқан балалармен дамуында ауытқуы бар балалар бірге білім және тәрбие алатын жаңа инклюзивті топтардың және сыныптардың құрыла басталуы себептеріне негізделген.

**Түйін сөздер:** білім беру, инклюзивті білім беру, бастауыш мектеп, психикалық дамуында тежелуі бар балалар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, арнайы білім беру, инклюзивті сынып.

В статье авторы рассматривают характеристику детей с задержкой психического развития опираясь на различные литературные источники. Инклюзивное образование - это государственная политика, направленная на полное внедрение и социальную адаптацию всех детей, детей с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс, устранение барьеров, лишающих детей, независимо от пола, происхождения, религии, положения, привлечение родителей к активности, специальная поддержка коррекционных педагогических и социальных нужд ребенка, то есть эффективное обучение, при котором сохраняется качество общего образования. Увеличение количества детей с особыми образовательными потребностями, особенности структуры национальной системы специального образования в РК, польза организаций нового типа, наряду с традиционными организациями в области специального образования, создание специализированных организаций узкоспециализированных в узком кругу (отдельно-неслышащих и слабослышащих детей) наряду с малоизвестными и слабослышащими; с нарушениями интеллекта (слабоумия) и с недостаточным мышлением (дети с задержкой психического развития) и др. с нормально развивающимися детьми основаны на причинах начала создания новых инклюзивных групп и классов, в которых дети с отклонениями в развитии получают совместное образование и воспитание.

**Ключевые слова:** образование, инклюзивное образование, начальная школа, дети с задержкой психического развития, дети с особыми образовательными потребностями, специальное образование, инклюзивный класс.

In the article the authors consider the characteristics of children with mental retardation based on various literary sources. Inclusive education is a state policy aimed at the full implementation and social adaptation of all children, children with disabilities in the educational process, the elimination of barriers that deprive children, regardless of gender, origin, religion, status, involvement of parents to activity, special support for correctional pedagogical and social needs of the child, that is, effective training, which preserves the quality of General education. Increase in the number of children with special educational needs, features of the structure of the national system of special education in Kazakhstan, the use of organizations of a new type, along with traditional organizations in the field of special education, the creation of specialized organizations highly specialized in a narrow circle (separately-deaf and hard of hearing children)) along with little-known; children with intellectual disabilities (dementia) and with insufficient thinking (children with mental retardation) , etc.) with normally developing children are based on the reasons for the beginning of the creation of new inclusive groups and classes in which children with developmental disabilities receive joint education and upbringing.

**Keywords:** education, inclusive education, primary school, children with mental retardation, children with special educational needs, special education, inclusive classroom.

Инклюзивті білім беру – барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата – аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу–педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделулеріне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Мемлекеттік бағдарламада инклюзивті білімді жетілдіру үшін белгіленген мақсаттар, 2015 жылға қарай мына міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылатыны анықталған:

- мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалған;

- мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді, түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталған;

- мүгедек балаларға қашықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленген [1].

Адамның даму үрдісі бүкіл өмір барысында жүріп отырады. Әсіресе, ол балалық шағында қарқынды дамиды. Міне, сондықтан қазіргі уақытта «балалық шақ» қоғамның рухани байлығы болып саналады және осы жас шамасындағыларға әр түрлі ғылым мамандары көп көңіл бөледі. Бала кезінде адамның қоршаған ортаны тануға деген ұмтылысы белсенді болады. Даму әрқашанда дәл және баяу жүрмейді. Ол жылдам темппен, мақсатқа жетушілікпен мазмұндалуы мүмкін.

Қазіргі уақытта балалардың дамуының бұзылуы көп жағдайда өмірдегі, елдегі, отбасындағы тұрақсыздықпен байланысты. Инфекциялық аурулармен ауыратын және орталық жүйке жүйесі ауруларымен ауыратын балалар саны көбейіп келеді. Отбасындағы экономикалық жағдай төмендейді, рухани және мәдени құндылықтарға әрқашан бағдарлана бермейді. Ата – аналардың өз балаларына қамқор болуы уақыттары жетпеуіне байланысты төмендейді. Баланың денсаулығы мен дамуы мәселесін екінші орынға ысырып тастайды. Сондықтан дағдарыс шағындағы балаларға аса көңіл бөлу керек, көп ата–аналар әр түрлі себептермен көңіл бөле бермейді. Көптеген зерттеушілер бала дамуының және бұзылуының түрлерін былайша топтастырады:

- Құлағы естімейтін, көзі көрмейтін, сөйлей алмайтын, тірек қимыл аппаратында ауытқуы бар балалар;

- Психикалық дамуы тежелген балалар;

- Астеникалық жағдайдағы және конфликтілі қайғыруы бар балалар;

- Психопатиялық мінез-құлық формасы бар балалар;

- Ақыл-ойында ауытқушылығы бар балалар (дебильдік, имбецильдік, идиотия дәрежелеріндегі олигофрендер);

- Психикалық аурулардың бастапқы көрінуі бар балалар.

В.А. Лапшин және И.Ф.Марковская дамуында ауытқушылығы бар балалар тобын төмендегідей бөліп көрсетеді [2]:

1. Сенсорлық бұзылуы бар балалар (есту және көру қабілеті бұзылған);

2. Интеллектуалдық бұзылулары бар балалар (ақыл-есі кем және психикалық дамуы артта қалған балалар);

3. Тіл кемістігі бар балалар;

4. Тірек-қимыл аппаратында кемістігі бар балалар;

5. Дамуында кешенді дефектісі бар балалар;

6. Дисгармондық дамуы бар балалар;

Балалардың дамуына баланың құрсақта дамуы кезінде, туғаннан кейін және туғанда әр түрлі факторлар әсер етуі мүмкін. Оларға генетикалық ауытқушылықтар, жүкті ананың ішімдік, есірткі қолдануы, жүйелі шылым шегуі, психикалық және физикалық түрлі жарақаттар алуы, жұқпалы немесе созылмалы аурулармен ауруы, тұрмыс жағдайының нашар болуы жатады. Бала дамуының бұзылуы ми ауруларына, бас сүйегінің зақымдануына, жүйке жүйесінің ауытқуына әкеп соқтыруы мүмкін. Баланың өсіп, дамуына тамақтану режимінің бұзылуы, анасының ұйқысының дұрыс қанбауы, отбасындағы түрлі жағымсыз атмосфералар (күнделікті ұрсыс керістер, айғай-шулар) кедергі келтіреді.

Ақыл ойдың дамуы жағынан артта қалуды Л.С.Выготский [3], Н.Г.Лусканова [4], П.Я.Гальперин, Б.В.Зейгарник [5] зерттеген. Бұндай балалардың қоршаған орта заттарымен құбылыстары туралы елестерінің шеңбері тар және жұтаң болып келеді. Танымдық қызметі белсенділіктің төменгі деңгейімен сипатталады. Сонымен қатар оларда сезімталдықтың абсолюттік табалдырығы, есту, көру мүмкіндіктері бұзылмаған. Қабылдау кемшіліктері қабылдауды

қиындататын жағдайда немесе қабылдайтын объектілердің күрделенуінде байқалады. Балалардың әртүрлі психикалық үрдістерін (сөйлеу, есту, ойлау т.б) зерттеу барысында, «даму үрдісін модельдеу» (Д.Б.Эльконин [6], В.В.Давыдов [7], И.Ф.Марковская [8]) іскерлігі тұрақтандырылды.

Психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш мектеп оқушыларының ерекшелігі психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни есте сақтауы, зейін, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмендігінен байқалады.

Баланың психикалық тежелуін клиникалық-психологиялық зерттеудің басталуы салыстырмалы түрде жақын аралықты білдіреді. Ең алғаш аталған аймақты зерттеу А.Штраус пен Л.Летин монографиясы болды. Авторлар баланың психикалық дамуының ерекшеліктерін мидың зақымдануынан деп суреттеді. Бұл ерекшеліктер қатарына мына белгілерді жатқызды: интеллектуалды мүмкіндіктері сақталған оқудағы қиындықтар, адекватты емес мінез-құлық. Мұндай балаларды ақыл-ой кем балалардан ажырата білу керек деп тұжырымдады. Басқа зерттеулер баланың психикасында тежелуі бар балаларда интеллектуалдылықтың жетіспеушілігі ойдың, естің, ерік-жігер және басқа да тұлғалық ерекшеліктердің бұзылуынан деп көрсетті [9]. Психикасы дамуы тежелген (ПДТ) дегеніміз ғылымда психика дамуының уақытша артта қалуы деп түсіндіріледі. Қазіргі уақытта ПДТ балаларды этимологиялық қағида негізінде жіктеу қолданылуда (К. С. Лебединская) [10].

Психикалық дамудың тежелуі 4 топқа бөлініп қаралады:

1. Конституциялық;
2. Соматикалық;
3. Психогендік;
4. Церебралдық - органикалық себептерден пайда болған.

О.Н.Усанова ауытқушылықтың басқа классификациясын ұсынады:

1. Ағзалық бұзылуларға байланысты дамуында ауытқушылығы бар балалар;
2. Функционалды жетілмеушілікпен байланыс салдарынан туындаған ауытқушылығы бар балалар;
3. Психикалық аурулар әсерінен дамуында ауытқуы бар балалар.

В.Г.Петрова [12] және М.С.Певзнер [13] дамуында ауытқушылығы бар балалар тобын төмендегідей бөліп көрсетеді:

- Сенсорлық бұзылуы бар балалар (есту және көру қабілеті бұзылған);
- Интеллектуалдық бұзылулары бар балалар (ақыл-есі кем және психикалық дамуы артта қалған балалар);
- Тіл кемістігі бар балалар;
- Тірек-қимыл аппаратында кемістігі бар балалар;
- Дамуында кешенді дефектісі бар балалар;
- Дисгармондық дамуы бар балалар;

Дефектологтар бұл категориядағы оқушылардың эмоционалды ерік-жігерінің әлсіздігін дәлелдейді, яғни өз іс әрекетін басқара білмейді, тәртібінің агрессиялығы, балалар ұжымына бейімделудегі кездесетін қиындықтар, өз серіктерімен бірден ортақ тіл табысып кете алмауы, өзіне деген сенімсіздік, шыдамсыздық пен көңіл-күйінің аумалы төкпелілігі, қорқыныш сезімі, үнемі біреулерге еліктеуіш – мұның барлығы психикалық дамуы тежелген оқушылардың ерік-жігерінің әлсіздігінің айғағы [14].

Кейбір балалар өз сынып жұмысын тек қоңыраудан кейін аяқтай алады. Көмек сұрамайды, қозғалыстары баяу, нашар реттелген болады. Сабақ аяғына таман қатты шаршайды. Жұмыстағы дербестігінің төмен деңгейі ПДТ бар балалардың көпшілігіне тән болады. Түрлі оқу пәндері бойынша ұсынылатын тапсырмалар оларға түсінікті болса да, көптеген оқушылар оларды орындауға асықпайды, қайта-қайта түсіндіру мен көмекті сұрайды. Мұғалімге қоятын сұрақтар оқушы қиыншылығын және ұқыпсыздығын білдірмеуі мүмкін, бұл көбінесе ерекше ауырғыш күйге байланысты болады, одан балаға шығуға тек мұғалім назары ғана көмектесе алады. ПДТ бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасынан осындай бірінші сынып оқушының мектепке теріс немесе енжар қараушылығы болғанын болжауға болады, аурушаң болады, көбінесе көңіл-күйі жабырқаңқы болады, тәртіп бұзушылығы байқалады, мұғалім түсіндіретін материалды тек бір бөлігін ғана түсінеді, оқулықпен өз бетімен жұмыс істеу қиынға соғады, өз бетімен оқу тапсырмаларын орындауға қызығушылық білдірмейді, бастауыш мектепте оқу барысында үй тапсырмасын орындауда ересектер жағынан бақылау болу қажет, сондай-ақ қайта-қайта еске салу мен қозғау салу қажет, жұмысқа қабілеттілікті көп демалғанда сақтайды, жақын достары

болмайды. Мұның бәрі мектепке бейімделудің төмен деңгейін сипаттайды. [15]

Бастауыш мектеп жасындағы психикалық дамуында тежелуі бар балалардың сипаттамасы жан-жақты әдебиеттерден

талқыланды. Сонымен, бастауыш мектеп жасындағы психикалық дамуында тежелуі бар балалардың өзіндік ерекшеліктеріне сай кешенді жұмыстар жүргізу қажет деген қорытындыға келеміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. Париж, ЮНЕСКО, 2009г
2. Марковская И.Ф. Задержка психического развития (клинико-нейропсихологическая диагностика).- М.: Изд. н/о «Компенс-центр», 1993.
3. Выготский Л.С. Проблемы дефектологии— М.: Просвещение, 1995.
4. Лусканова Н.Г. Диагностика интеллектуального развития детей 6-8-летнего возраста (модифицированный вариант методики Векслера)// Практикум по патопсихологии/ Под ред. Зейгарник Б.В., Николаевой В.В, Лебединского В.В. М.: Изд-во МГУ, 1987.
5. Зейгарник Б.В., Братусь Б.С. Очерки по психологии аномального развития личности. М., 1980.
6. Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. М.: Педагогика, 1989.
7. Давыдов В. В. Виды обобщения в обучении. - М.: Педагогика, 1972.-423 с.
8. Марковская И.Ф. Типы регуляторных нарушений при задержке психического развития (нейропсихологический подход)// Альманах Института коррекционной педагогики. 2005. №9.
9. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы
10. Защиринская О.В. Коммуникативные качества личности в контексте социализации детей с задержкой психического развития// Историческая психология и ментальность. Детство. Семья. Опыт. — СПб., 2001.
11. Сухарева Г.Е. Лекции по психиатрии детского возраста. Избр. главы.- М.: Медицина, 1991. - 320 с.
12. Петрова В.Г., Белякова В. Психология умственно-отсталых школьников. – Москва, 2002
13. Певзнер М.С. Клиническая характеристика детей с задержкой психического развития.// Дефектология. 1992. №3.
14. Дефектология. Словарь-справочник./Авт.-сост. Степанов С.С. / Под ред. Пузанова Б.П. М.:ТЦ Сфера, 2007.
15. Дети с задержкой психического развития// Под ред. Власовой Т.А., Лубовского В.И., Ципиной Н.А. - М., 2004.

**Елеупаева Жанар Каукербековна**

**Лауазымы:** Педагогика ғылымдарының кандидаты, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

**Пошталық мекенжайы:** 071410, , Қазақстан Республикасы, Семей қ., Селевин көш., 12-140

**Ұялы тел.** 8 705 242 76 72

**Зарифова Мадина Абдрахмановна**

**Лауазымы:** Педагогика ғылымдарының кандидаты, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

**Пошталық мекенжайы:** 071410, , Қазақстан Республикасы, Семей қ., Байтурсынов көш., 83

**Ұялы тел.** 8 705 242 76 72

**Оспанова Бибигүл Канатовна**

**Лауазымы:** Педагогика және бастауыш оқытудың педагогикасы магистрі, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

**Пошталық мекенжайы:** 071410, , Қазақстан Республикасы, Семей қ., Утепбаева көш., 50В-30

**Ұялы тел.** 8 705 242 76 72

**Бастауыш мектеп жасындағы психикалық дамуында тежелуі бар балалардың сипаттамасы**

**Елеупаева Жанар Каукербековна**

**Должность:** Кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры педагогики и психологии, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет.

**Почтовый адрес:** 071410, г. Семей, ул.Селевина 12-140

**Сот. тел.** 8 705 242 76 72

**Зарифова Мадина Абдрахмановна**

**Должность:** Кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры педагогики и психологии, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет.

**Почтовый адрес:** 071410, г. Семей, ул.Байтурсынова 83

**Сот. тел.** 8 705 242 76 72

**Оспанова Бибигүл Канатовна**

**Должность:** Магистр педагогики и методики начального обучения, старший преподаватель кафедры педагогики и психологии, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет.

**Почтовый адрес:** 071410, г. Семей, ул.Утепбаева, 50В-30

**Сот. тел.** 8 705 242 76 72

**Характеристика детей с задержкой психического развития начального школьного возраста**

**Eleupaeva Zhanar Kaukerbekovna**

**Position:** Candidate of Pedagogical science, senior lecturer, Department of pedagogy and psychology, Kazakh humanitarian and law innovation University

**Postal address:** 071410, Semey, Selevin street, 50V-30

**honeycomb tel:** 8 705 242 76 72

**Zarifova Madina Abdrahmanovna**

**Position:** Candidate of Pedagogical science, senior lecturer, Department of pedagogy and psychology, Kazakh humanitarian and law innovation University

**Postal address:** 071410, Semey, Baytursinov street, 83

**honeycomb tel:** 8 705 242 76 72

**Ospanova Bibigul Kanatovna**

**Position:** Master of pedagogy and methods of primary education, senior lecturer, Department of pedagogy and psychology, Kazakh humanitarian and law innovation University

**Postal address:** 071410, Semey, Utepbaev street, 50B-30

**honeycomb tel:** 8 705 242 76 72

**Characteristics of children with mental retardation of primary school age**